

Маңғыстау облысында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы туралы

Маңғыстау облыстық мәслихаттың 2003 жылғы 30 шілдедегі N 27/285 шешімі. Маңғыстау облыстық әділет басқармасында 2003 жылда 27 тамызда N 1507 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **шешім етті:**

1. Маңғыстау облысында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Осы шешім жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы

Облыстық

мәслихаттың хатшысы

"Маңғыстау	облысында	шағын
кәсіпкерлікті	дамыту мен	қолдаудың
2003-2005	жылдарға	арналған
бағдарламасы	туралы"	облыстық
2003 жылғы	30 шілдедегі	N 27/285

шешімімен бекітілген

Маңғыстау облысында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған Аймақтық бағдарлама

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы	Маңғыстау облысында шағын бизнесті дамыту мен қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздеме	"Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы"» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы NN№131-1 Заңы
Әзірлеуші мемлекеттік орган	Облыстық шағын кәсіпкерлікті қолдау басқармасы
Мақсаты	Экономиканың өндірістік және басқа да салаларында шағын кәсіпкерлікті орнықты дамытуды, жаңа жұмыс орындары санын көбейтуді, қоғамның орта табының негізі ретінде меншік иелерінің бұқаралық жігінің рөлін күшейтуді қамтамасыз ету. Шағын кәсіпкерліктің серпінді де сапалы дамуын қамтамасыз ететін шағын кәсіпкерлікті қолдау саясатын жетілдіру
Міндеттері	Несиелік ресурстарға қолжетімділігі бойынша шағын бизнестің мүмкіндігін кеңейту; шағын кәсіпкерлік секторында халықтың экономикалық белсенді тобының санын көбейту; мемлекеттік билік органдары мен кәсіпкерлер арасындағы өзара іс - қимылын нығайту; шағын кәсіпкерлікті әдістемелік, ақпараттық, кеңес берушілік, оқу білім берушілік қолдауды ж е т і л д і р у ; шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың инфрақұрылымын дәйекті түрде дамыту және

	ж е т і л д і р у ; облыста шағын кәсіпкерлікті дамытудағы әрекет үстіндегі кедергілерді жою жөніндегі кәсіпкерлердің ұсыныстарын талдау және қорыту
Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетіктері	Шағын кәсіпкерлікті қаржылық-несиелік және инвестициялық қолдау жүйесін дамыту; шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымын дамыту және жетілдіру; шағын кәсіпкерлікті ақпараттық қамтамасыз ету және насихаттау; облыстық қалалары мен аудандарында шағын кәсіпкерлікті дамыту
Қаржыландыру көздері	Көрсетілген мақсатқа қарастырылған қаржы шегінде жергілікті бюджеттердің қаражаты, бюджеттен тыс мақсатты қаражат, халықаралық қаржы ұйымдарының гранттары, сондай-ақ кәсіпкерлердің және олардың ұйымдарының өз қаражаты есебінен
Күтілетін нәтиже	Шағын кәсіпкерлер субъектілерінің өндіретін саны 16500 бірлікке дейін; шағын кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандар саны 37125 адамға дейін, мұның өзі бүкіл белсенді халықтың 24,8 % құрайды; жаңа жұмыс орындарының саны 3500 адамға дейін; шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өндіретін өнім көлемі 1,5 есеге; салық салынатын база мен салықтық түсірілімдер көлемі 1,8 есеге көбейеді
Бағдарламаны іске асыру мерзімі	2003-2005 жылдар

2. Кіріспе

Маңғыстау облысында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасын, Президенттің "Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылға арналған негізгі бағыттары туралы" Қазақстан халқына Жолдауында және "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 28 наурыздағы NN№827 Жарлығымен бекітілген, Үкіметтің 2002-2004 жылдарға арналған Бағдарламасында қойылған міндеттерді орындау мақсатында, облыстық іскер топтары, облыстық басқармалар мен департаменттер өкілдерінің ұсыныстарын есепке ала отырып кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдарының белсенді қатысуы жағдайында облыстық шағын кәсіпкерлікті қолдау басқармасы әзірледі.

Шағын кәсіпкерлік мемлекет экономикасының өз ерекшелігі бар маңызды секторы болып табылады. Шағын бизнес шағын кәсіпкерлік дағдыларын дамытуды ынталандырады, бәсекелестік ортаны қалыптастырады, базардағы сұраныс пен ұсыныстың өзгерістеріне тез бейімделеді, жаңа жұмыс орындарын құрады және базарды отандық тауарлар мен қызмет көрсетулерімен толықтыруға ықпал етеді. Шағын кәсіпкерлік қоғамның орта табын қалыптастырудың көзі болып табылады және халықты жұмыспен қамту проблемасын шешуге ықпал етеді.

Бағдарлама "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы NN№131-1 және "Жеке кәсіпкерлік туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы NN№135-1 заңдарына, "Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту және оны жандандыру жөніндегі шаралар

туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы N№3398
Жарлығына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама облыста шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік саясатын жүзеге асырудың негізгі мақсатын, осы мақсатқа қол жеткізудің негізгі жолдары мен құралдарын қалыптастырады.

Бағдарлама "Қазақстан - 2030" Стратегиясының ережелеріне негізделіп әзірленді.

Аймақтық бағдарламаның басты мақсаты - шағын кәсіпкерліктің серпінді де сапалы дамуына, жаңа жұмыс орындарының құрылуын қамтамасыз етуге, мемлекеттік қолдау саясатын жетілдіру болып табылады.

3. Шағын кәсіпкерлік дамуының ағымдағы ахуалын талдау

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде шағын бизнесті құру үдерісі табиғи жолмен жүз жыл бойына жүргізілді. Қазақстанда, оның ішінде облысымызда экономиканың осы секторы іс жүзінде өткен онжылдықта қалыптасты. Қоғамның жігерлі де іскер бөлігінің бастамашысы мен кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың белсенді саясатының арқасында өткен жылдар өз жемісін беруі оған шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өсу қарқыны мен олардың осы жылдар ішінде экономикаға қосқан үлестері дәлел бола алады. "Маңғыстау облысында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасын" іске асыру шеңберінде бұл жылдары облыста мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

№	Көрсеткіштер	01.07.2002ж.	01.07.2003ж.
1	ШКС саны (бірлік), барлығы:	13249	13453
	Кәсіпорындар саны (заңды тұлға):	2890	3387
	оның ішінде жұмыс істеп тұрғандары:	2543	2864
2	Шағын кәсіпкерлікпен айналысатындар саны (адам)	30811	33753
	оның ішінде шағын кәсіпорындарда айналысатындар саны (заңды тұлға)	14500	16100
	Облыстық экономикалық белсенді тұрғындарының жалпы санына шағын кәсіпкерлікпен қамтылғандар үлесі (%)	20,8	23,1
3	Өндірілген өнім көлемі (жұмыстар, қызмет көрсетулер), (млн. теңге)	4451,9	5904,5
4	Салық төлемдерінің көлемі (млн. теңге)	2140,0	2940,0

Өндірілген тауар өнімдері мен қызмет көрсетулер, салық түсірілімдері көлемінің өсу қарқыны, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жоғары қарымды мүмкіндігі бар екенін дәлелдейді.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау қауымдастығы, бизнес-инкубатор, шағын кәсіпкерлікті дамыту орталығы және т.б. шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының объектілері желісінің құрылуы жалғасуда.

Орта таптың рөлін күшейту қоғамдағы саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты арттырудың стратегиялық міндеттері болып табылады. Осынау

міндеттерді шешу шағын кәсіпкерлікті серпінді дамыту үшін қолайлы құқықтық және экономикалық жағдайлар туғызуды талап етеді. Экономиканың нарықтық құрылымдарын қалыптастыруға ықпал ете отырып, шағын кәсіпкерлік барлық деңгейдегі бюджеттердің салық салу базасын ұлғайтады.

Негізгі көрсеткіштер экономиканың осы саласының қарқынды дамуын сипаттайды, алайда соған қарамастан шағын кәсіпкерліктің дамуын тежейтін мынадай проблемалар

б а р :

шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымдары жұмысының белсенділігінің төмендігі;

шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі заңнамалық базалардың жетілмегені;

шағын бизнес субъектілері үшін қаржы ресурстарының шектеулі болуы;

бастапқы капитал мен өз айналым қаражатының болмауы;

жергілікті тұтыну базарының шағындығы;

орын-жайларды алуға байланысты қиындықтар мен жалдау ақысының тым

жоғарылығы.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты - экономиканың өндірістік және басқа да салаларында шағын кәсіпкерлікті орнықты дамытуды қамтамасыз ету, шағын кәсіпкерлікті қаржылай қолдауды, жаңа жұмыс орындарын көбейтуді, қоғамның орта табының негізі ретінде меншік иелерінің бұқаралық жігінің рөлін күшейтуді және шағын кәсіпкерлікті насихаттауды қамтамасыз ету болып табылады.

Бағдарламаның мақсаттарын іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

шағын бизнестің несиелік ресурстарға жету мүмкіндігін кеңейту;

шағын кәсіпкерлік секторының экономикалық белсенділігін өсіру, жұмыспен қамту
т е т і г і н д а м ы т у ;

мемлекеттік билік органдары мен кәсіпкерлер арасындағы өзара іс-қимылды
н ы ғ а й т у ;

шағын кәсіпкерлікті әдістемелік, ақпараттық, кеңес берушілік, оқу-білім берушілік
қ о л д а у д ы ж е т і л д і р у ;

шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың инфрақұрылымын бірте-бірте дамытып
ж е т і л д і р у ;

шағын кәсіпкерлікті дамытудың жаңа құралдары мен озық қаржылық
технологияларды әзірлеу және енгізу;

облыста шағын кәсіпкерлікті дамытуға қолбайлау болып жүрген кедергілерді жою
жөніндегі кәсіпкерлердің ұсыныстарын талдау және қорыту.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетіктері

Шағын кәсіпкерлікті қаржылық-несиелік және инвестициялық қолдау жүйесін
д а м ы т у .

Инфрақұрылымдарды дамыту және жетілдіру. Облыстың кәсіпкерлер Кеңесінің

Шағын кәсіпкерлікті ақпараттық қамтамасыз ету және насихаттау.

Облыстың қалалары мен аудандарында шағын кәсіпкерлікті дамыту.

5.1. Шағын кәсіпкерлікті қаржылық-несиелік және инвестициялық қолдау жүйесін дамыту

Қазіргі кезеңде шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылық-несиелік және инвестициялық қолдау қажеттігі, шағын бизнестің қажеттілігінің өсуіне, экономиканың өндірістік секторының жандануына және қаржы ресурстарына жетудің шектеулігіне байланысты болып отыр. Соңғы бірнеше жылдар бойына шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қаржылық-несиелік ресурстарға қол жеткізу проблемасы, Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға кедергі келтіру проблемаларының тізімінде жетекші орындардың біріне ие.

Осы бағдарламаны іске асыру шеңберінде шағын бизнес субъектілерін жеке және бюджеттік қаражат есебінен, сондай-ақ халықаралық қаржы институттарының бағдарламалық қарызға алу қаражаты есебінен тікелей қаржыландыруды кеңейту қажет. Несиелеудің басым бағыттары өңдеуші өнеркәсіп, тұтыну тауарларын өндіру, қызмет көрсету саласы болмақ.

Қазір "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы"»Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы Заңының 12 бабында көзделгендей, жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылу, сонымен қатар жеке инвестициялық ресурстарды барынша жандандыруды қамтамасыз ететін, қаржы технологияларын құру қажеттілігі туындап отыр.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылық-несиелік және инвестициялық қолдау саясаты, өндірістік сектордың кәсіпорындарында бөлінетін қаржылық-несиелік ресурстардың абсолюттік көлемін өсіруге сыйақының жеңілдік мөлшерлемесін қолдана отырып, ұзақ мерзімді және орта мерзімді несиелеу үлесін көбейтуді қамтамасыз етуге бағдарлануға тиіс. Осыған байланысты негізгі шаралар инвестициялық тетіктердің институциялық дамуына, ол бюджеттік ресурстар мен тартылған қаражатты барынша тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ететін, қаржыландырудың жаңа технологияларын енгізуге ықпал етуге тиіс.

5.2. Шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымын дамыту және жетілдіру

Шағын бизнесті ойдағыдай дамытуды айқындайтын басты жағдайлардың бірі, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін қамтамасыз ететін, жақсы дамыған әрі инфрақұрылымның тиянақты жұмыс істейтін элементтерінің болуы болып табылады.

Шағын бизнестің ойдағыдай дамуы үшін бағдарламада облыста инфрақұрылымның барлық элементтерін қалыптастыруды жүзеге асыру көзделген.

Қазіргі кезде облыста шағын кәсіпкерлікті қолдаудың тиімді құралы болып табылатын, Жаңаөзен қаласында бизнес-инкубатор мен "Шағын кәсіпкерлікті дамыту Орталығы" ұйымдастырылған, алайда олардың дамып келе жатқан шағын бизнес үшін

әзірше беретін қызмет көрсету кешені жеткіліксіз болып отыр. Өнеркәсіп саласында шағын кәсіпкерлікті жандандыру, бизнес-инкубаторлар қызметін одан әрі жетілдіруге
ы қ п а л е т е т і н б о л а д ы .

Аймақтың шағын кәсіпкерлігін дамыту жөніндегі бағдарламалық міндеттерді іске асыруда, құрылып отырған облыс кәсіпкерлерінің Кеңесіне айырықша орын беріледі, ол шағын бизнестің барлық қоғамдық ұйымдарының және Маңғыстаудың іскер тобының мүдделерін біріктіретін болады.

5.3. Шағын кәсіпкерлікті ақпараттық қамтамасыз ету және насихаттау

Шағын бизнесті ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету мақсатымен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кәсіпкерліктің идеялары кеңейтілетін және насихатталатын болады. Шағын кәсіпкерліктің дамуын ақпараттық қамтамасыз ету, оның өзінде бизнесті дамыту проблемалары мен оларды шешудің жолдарын, жеке кәсіпкерліктің сабақтарын, шетелдік тәжірибені, мемлекеттік сатып алу бойынша тендерлер, кәсіпкерлік мәселелері (құқықтық, экономикалық, технологиялық және басқалары) бойынша кеңес беру туралы ақпаратты жазып көрсету кіретін болады.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту Орталығында жаңа бастаған кәсіпкерлерді оқыту жүргізілетін болады, сондай-ақ кәсіпкерлер қауымдастығы мен кәсіпкерлердің өздерінің қалалық және аудандық кездесу - семинарлары мен дөңгелек үстелдері өткізілетін болады. Кәсіпкерлікпен айналысқысы келетіндерге ақпараттық түсінік көмегі көрсетіліп, тіркеу, қаржыландыру және салық салу мәселелері бойынша кеңестер беріледі.

5.4. Облыстың қалалары мен аудандарында шағын кәсіпкерлікті дамыту

Қалалар мен аудандарда шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мен дамытуды іске асырудың негізі шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың қалалық және аудандық бағдарламалары болуға тиіс.

Бағдарлама жұмыстың мынадай бағыттарын қамтиды:

одан әрі дамуы үшін базасы бар шағын кәсіпорындардың өсу келешегі;
облыстық және аудандық деңгейде шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымын
нығайту жөніндегі шаралар;

ауыл шаруашылығы өндірісімен айналысатын фермерлер мен басқа да
құрылымдарды қолдау;

облыстық қалалары мен аудандарындағы жеке бизнес өкілдері тарту үшін мемлекеттік тапсырыстарды шағын кәсіпкерліктің өндірістік саласына орналастыру;

мемлекеттік билік органдары мен кәсіпкерлік арасындағы өзара іс-қимылды
нығайту;

шағын бизнес субъектілерінің несиелік ресурстарға жету мүмкіндігін кеңейту;
облыста шағын кәсіпкерлікті дамытуға кедергі болып отырған жайттарды жою

жөніндегі кәсіпкерлердің ұсыныстарын талдау және қорыту;

Қалалық және аудандық әкімдіктер қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында, шағын кәсіпкерлікті қолдау басқармасы ай сайын шағын бизнестің даму мониторингін және мәслихат қабылдаған "Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасының"»қалаларда (аудандарда) орындалуын, осы бағыттағы облыс қалалары (аудандары) әкімдері қызметінің рейтингтік бағасын жүзеге асыратын болады.

6. Ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Маңғыстау облысында 2003-2005 жылдарға арналған шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың Аймақтық бағдарламасын қаржылық қамтамасыз ету көрсетілген мақсатқа жыл сайын көзделетін жұмсалатын қаражат шегінде, жергілікті бюджеттік қаражаты, халықаралық қаржы ұйымдарының гранттары және заңнамамен тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламада көзделген іс-шаралар жоспарын іске асыру үшін жыл сайын облыстық бюджеттен 107,0 млн. теңге көлемінде қаражат бөлу көзделеді.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламада белгіленген іс-шаралардың кезең - кезеңмен орындалуы көзделген, шағын кәсіпкерлік саласында жұмыс орындарының санын 2003 жылы 34750 адамға дейін, 2004 жылы 35890 адамға дейін, 2005 жылы 37125 адамға дейін көбейтуге мүмкіндік береді, яғни 3,5 мың жаңа жұмыс орны құрылып, шағын кәсіпкерлікте айналысатындардың үлесі халықтың экономикалық белсенді тобының 24,8% құрайтын болады. Бағдарламаның іске асырылу мерзімі ішінде, экономиканың осы секторы арқылы сатып өткізілетін тауарлар мен қызмет көрсетулер көлемін 26 млрд. теңгеге дейін, бюджетке салық түсірілімдерін 13 млрд. теңгеге дейін ұлғайту көзделіп отыр.

Бағдарламаның дәйекті түрде іске асуы шағын кәсіпкерлікті дамытуға жаңа серпін беруге және оның одан әрі орнықты дамуын қамтамасыз ете алады.

8. "Маңғыстау облысында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасын" іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Атауы	Орындау мерзімі	Орындалуына жауаптылар	Қаржыландыру көздері	2003 - 2005жж.арналған қаржыландырусомасы, млн тн	Аяқтанысаны
1	2	3	4	5	6	7

1. Шағын кәсіпкерлікті қаржылық-несиелік және инвестициялық қолдау жүйесін дамыту

1)	Басым бағыттағы тауар өндіру мен қызмет көрсету саласындағы шағын кәсіпкерлік	Жыл сайын	Облыстық қаржы басқармасы, ОШКҚБ	Облыстық бюджет қаражаты		ОШКҚБ ақпараты
----	---	-----------	----------------------------------	--------------------------	--	----------------

	субъектілерінің бизнес-жобаларын қайтарым негізінде қаржыландыру үшін облыстық бюджеттен қаражат көздістіру				100,0 жыл сайын	
2)	Шағын кәсіпкерлікті несиелеу үшін екінші деңгейдегі банктердің несиелік ресурстарын, инвестициялық қорлардың қаражатын және өзге де қаржы ресурстарын тарту	Ұдайы	ОШКҚБ, екінші деңгейдегі банктер	Екінші деңгейдегі банктердің қаражаты, халықаралық қаржы институттарының қаражаты		ОШКҚБ, екінші деңгейдегі банктердің ақпараты
3)	Облыс әкімиятының "Шағын кәсіпкерлік субъектілерін несиелеу кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде коммуналдық меншік объектілерін пайдалану Ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 20 қыркүйектегі N 35 қаулысын әрі қарай іске асыру жөнінде жұмыстар жүргізу	Ұдайы	ОШКҚБ, коммуналдық меншікті басқару жөніндегі Департаментқалалармен аудандардың әкімдері			
4)	"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" ЖАҚ-ы арқылы кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы бойынша қаражат тарту	Ұдайы	ОШКҚБ, облыс әкімі жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссия	«Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының қаражаты		
5)	Шағын бизнес субъектілерінің мемлекеттік тапсырыстарды орындауға қатысуын қамтамасыз ету	Ұдайы	ЭӨСБ, қалалар мен аудандардың әкімдері, ОШКҚБ			ЭӨСБ, қалалар мен аудандар әкімдерінің ақпараты
6)	Облыстық бюджеттің қаражаты есебінен шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бизнес-жобаларын қаржыландыруға арнап бөлінген	Тоқсан сайын	ОШКҚБ, қаржы басқармасы, екінші деңгейдегі банктер			Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссияның

несиелік ресурстарын тиімді пайдалану жөнінде іс-шаралар жүргізу					тексеру кесімі ме ақпараты
--	--	--	--	--	----------------------------

2. Шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымын дамыту және жетілдіру

1) Облыстық "Шағын кәсіпкерлікті дамыту орталығының" тиімді жұмысын қамтамасыз ету	Ұдайы	ОШКҚБ, «"ШКДО" МКК	Облыстық бюджет-тің қаражаты, халықаралық қаржы институттарының гранттары		ОШКҚБ, «Шағын кәсіпкерлік-ті дамыту орталығы МКК
2) Жаңа бастаған кәсіпкерлерді қолдау үшін Жаңаөзен қаласындағы бизнес-инкубатордың қызметін жетілдіру	Ұдайы	ОШКҚБ, Жаңаөзен қаласының әкімі, Жаңаөзен бизнес-инкубаторы	Өзін-өзі қаржыландыру, Жаңаөзен қаласының бюджеттік қаражаты		Жаңаөзен қаласы әкімінің және Жаңаөзен бизнес-инкубатордың директорының ақпараты
3) Кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерімен кездесулер мен "дөңгелек үстелдер" өткізу	Тоқсанына 1 рет	ОШКҚБ, кәсіпкерлер қауымдастығы			ОШКҚБ ақпараты
4) Жеке тауар өндірушілер өнімдерінің көрме-жәрмеңкелер ұйымдастыру және өткізу	Жылына 1 рет	ОШКҚБ, қаржы басқармасы, қалалар мен аудандардың әкімдері, облыстық кәсіпкерлер Кеңесі	Облыстық бюджет-тің қаражаты		ОШКҚБ ақпараты
5) Облыс аудандары мен қалаларында қолөнер ісмерлігін қайта түлету жөнінде жұмыстар жүргізу	Ұдайы	ОШКҚБ, қалалар мен аудандардың әкімдері, кәсіпкерлер қауымдастығы			қалалар мен аудандар әкімдерінің ақпараты
6) Облыста шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссияның жұмысын жандандыру	Тоқсан сайын	ОШКҚБ			ОШКҚБ ақпараты
7) Маңғыстау облысы кәсіпкерлерінің Форумын өткізу	Жылына бір рет	ОШКҚБ, кәсіпкерлер Кеңесі			ОШКҚБ, кәсіпкерлер Кеңесі
8) Шағын бизнес субъектілеріне қолданыстағы	Тоқсан сайын	КМБЖД, ММБЖАК			

заңнамаға сәйкес өндірістік мақсатқа пайдалануға бос тұрған орын-жайлар мен тоқтап тұрған жабдықтарды беруді қамтамасыз ету					К М Б Ж Д , ММБЖАК
---	--	--	--	--	-----------------------

3. Шағын кәсіпкерлікті ақпараттық қамтамасыз ету және насихаттау

1) "Республикалық ақпараттық-көрме орталығы" ЖАҚ - мен бірлесіп кәсіпкерлерді менеджмент пен маркетинг негіздерін оқытуды жүргізу	Ұдайы	ОШКҚБ, ШҚДО"МКК, РАКО" ЖАҚ	" "		ОШКҚБ ақпарат-ты
2) Кәсіпкерлікпен айналысқысы келетіндерге ақпараттық-түсінік және әдістемелік көмек көрсету, тіркеу, қаржыландыру және салық салу мәселелері бойынша кеңестер беру		ОШКҚБ, "ШҚДО"МКК, "РАКО" ЖАҚ			ОШКҚБ ақпарат-ты
3) Облыста "Кәсіпкер күнін" өткізу	Жылына бір рет	ОШКҚБ, қаржы б а с - қармасы, қалалар мен аудандардың әкімдері, облыстық кәсіпкерлер Кеңесі	Облыстық бюджеттің қаражаты және басқа да көздер		қалалармен аудандар әкімдерін, кәсіпкерлер Кеңесінің ақпарат-ты
4) Облыстық және аудандық бұқаралық ақпарат құралдарында шағын кәсіпкерлік мәселелері бойынша тұрақты айдарлар жүргізу	Ұдайы	ОШКҚБ, облыстық және аудандық газеттер, облыстық телерадиокомпания, қалалар мен аудандардың әкімдері, облыстық кәсіпкерлер Кеңесі			Бұқаралық ақпарат құралдарының айдарлары
5) Бақылаушы органдармен бірлесіп, жеке кәсіпкердің істеріне араласпау жөнінде және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне ҚР қолданыстағы заңнамасын түсіндіру жөнінде семинарлар өткізу	тоқсанына 1 рет	СК (к.с.), КБ (к.б.), ҚПБ(к.б.),ӘБ(к.б.), прокуратура (к.б.), ОШКҚБ			СК, КБ, ҚПБ, ӘБ, прокуратураның ақпараты
6) Халықтың қалың тобы пайдалануы үшін шағын	Ұдайы	ОШКҚБ, РАКО"ЖАҚ, ШҚДО" МКК	" "		

	кәсіпкерлік бойынша әдебиет қоры мен басқа да көздерін жасау				ОШКҚБ, "РАКО" ЖАҚ
7)	Облыстың Веб-сайт беттеріне облыста шағын кәсіпкерліктің дамуы жөнінде ақпараттар орналастыру	Ұдайы	ОШКҚБ, "РАКО"ЖАҚ, "ШҚДО"МКК, кәсіпкерлер Кеңесі, СБ (к.б.)		ОШКҚБ, СБ
8)	Шағын бизнес кәсіпорындары бухгалтерлерімен семинар нұсқау өткізу.	Жылынабір рет	ОШКҚБ, СБ (к.б.)		СБ ақпараты
9)	Жаңадан құрылған шағын кәсіпкерлік субъектілеріне арнап Салық кодексін түсіндіру жөнінде семинар-кеңестер өткізу	Жарты жылдықта бір рет	ОШКҚБ, СК		СК ақпараты
10)	Шағын бизнес мәселелері бойынша ақпараттық базаны пайдалану желісін кеңейтуді қамтамасыз ету	Ұдайы	ОШКҚБ, "РАКО"ЖАҚ«"ШҚДО" МКК		ОШКҚБ, "РАКО" ЖАҚ ақпараты

4. Облыстық қалалары мен аудандарында шағын кәсіпкерлікті дамыту

1)	Облыстық қалалары мен аудандарында мейлінше маңызды жобалар бойынша деректер банкіні толықтыру жөнінде жұмыс жүргізу	Ұдайы	ОШКҚБ, қалалар мен аудандардың әкімдері, «"ШҚДО"» МКК		ОШКҚБ ақпарат-ті
2)	Облыстық қалалары мен аудандарында шағын кәсіпкерліктің даму ахуалына мониторинг өткізу	Ай сайын	ОШКҚБ, қалалар мен аудандардың әкімдері, СК(к.б.), СБ(к.б.), КМБЖД, ММБЖАК (к.б.), ЖРБЖК (к.б.), СҚТҮКЖШД (к.б.)		ОШКҚБ ақпарат-ті
3)	Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту жөніндегі қалалар мен аудандар әкімдері қызметінің рейтингісін өткізу	Тоқсан сайын	ОШКҚБ		ОШКҚБ ақпарат-ті
4)	Шағын кәсіпкерлік субъектілері өндіретін өнімдері-	Ұдайы	ОШКҚБ, "РАКО"ЖАҚ, "ШҚДО"МКК,		қалалармен аудандар әкімдеріні

	нің деректер банкіні толықтыру		қалалар мен аудандардың әкімдері		ақпаратты
5)	Облыстың қалалары мен аудандарында "Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасының" орындалу барысы туралы ақпарат беру	Токсан сайын	қалалар мен аудандардың әкімдері		қалалар мен аудандардың әкімдерінің ақпаратты

Пайдаланылған қысқартылған сөздер тізімі:

МКК - Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын
ЖАҚ - Жабық акционерлік қоғам
ОШКҚБ - Облыстық шағын кәсіпкерлікті қолдау басқармасы
КМБЖД - Коммуналдық меншікті басқару жөніндегі Департамент
ЭӨСБ - Экономика, өнеркәсіп және сауда басқармасы
ММБЖАК - Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитет
"РАКО" ЖАҚ - "Республикалық ақпараттық-көрме орталығы" Жабық акционерлік қоғам
"ШҚДО" МКК- "Шағын кәсіпкерлікті дамыту орталығы" Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын
СК - Салық комитет
к.б. - келісім бойынша
КБ - Кеден басқармасы
ҚПБ - Қаржы полициясы басқармасы
ӘБ - Әділет басқармасы
СБ - Статистика басқармасы
ЖРБЖК - Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет
СҚТҮКЖШД - сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық және жол шаруашылығы Департаменті